● БІЗДІҢ ДАҢҚТЫ ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ

Кенжеғали САҒАДИЕВ, академик

ҰЛТТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ТҰЛҒА

(Шайсұлтан Шаяхметовтың туғанына 65 жыл толуына орай)

Егер көзі тірі болса қазақ елінің оқу-білім саласының көрнекті қайраткері Шайсұлтан Шаяхметұлы 65 жасқа толатын еді. Амал не, ғұмыры қысқа болды. Енді осы бір абзал дос, саналы өмірімізді бірге өткізген замандасым туралы естелік жазуға тура келіп отыр. Қиын шаруа.

Шайсұлтан 1939 жылы Қостанай облысының Науырзым ауданында дүниеге келді. Жалпақ шөл далада жер жәннаты іспеттес, баршамыз табиғатына сүйсінетін Науырзым қорығы да осы ауданда. Осы бір кеңбайтақ елді мекен Арғынның Сүгір деген іргелі руының қоныс еткен жері. Би де, батыр да шыққан ру. Бір атасы барша қазақтың жақсысы мен жайсаңдарының мәңгілік мекеніне айналған қасиетті Ахмет Яссауи мавзолейінің іргесіне жерленген. Бұлар Шайсұлтанның арғы аталары туралы кейбір үзіктер.

Ал енді ол туған 1939 жылға, оның алдындағы жылдарға келсек, ол бір аласапыран кез еді. Дәулеті барлар бай болып тәркіленіп, сауаты барлар халық жауы болып атылып, һәм итжеккенге айдалып жатқан уақыт болатын. Осындай зобалаң жылдардың зардабын Шайсұлтанның ескен ортасы да керді. Туған әкесі Шаяхметтің езіне әртүрлі айып тағылып қудалаудан ағайын туыс-қандарымен Ресейге кешіп кетіп, біраз жыл жан сақтаған кездері де болды.

Жалпы сол жылдар ел үшін ауыр жылдар болатын Совет өкіметі құрған колхоздардың әлі дұрыс бой жазып кетірілмеген кезі, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық зардабы әлі толығымен кетпеген кез. Көл ұзамай басталған, елге де, жаңға да өте ауыр салмағын салған, Ұлы Отан соғысы. Өскен еңірдің тұрмысы төмендігінен, мұқтаждығы келтігінен біздер, сол мезгілдің жастары, кедейшілікті басымыздан өткіздік. Шайсұлтанның да жастық шағы осындай қиыншылық жағдайда өтті.

Дегенмен қиындықты жеңе білетін рухы биік жандар бар, еңсесі түсіп, ауыртпашылықпен күресе алмай жүргендер де аз емес. Шайсұлтанның ана сүтімен біткен өміршеңдігі, қажырқайраты мықты болып шықты. Қанша зорлық-зобалаңы болса да, Совет үкіметі қазақтарға бір керемет жақсылық әкелді: жер-жерде мектептер ашты, халықты сауаттануға шақырды, жастарды білім мен ғылымды игеруге тәрбиеледі.

Шакең осы мүмкіндікті толығынан пайдалана білді. Жасынан өте зерек, мектепте алдына жан салмайтын үздік оқушы болды. Сол жастық кездер әлі есімде. Әулиекөлдегі қазақ орта мектебі. Бізді ұядан ұшырған қасиетті білім ордасы. Мектеп директоры Жұмағали Даненов ағамыз. Өмір тәжірибесі өте бай, оқушыларға өзінің туған баласындай мейірімі мол ұстазымыз. Қазақ тарихын, әдебиетін терең білетін ағамыз. Сейлеген сезі сырлы, айтқанын ұтқыр мақалмәтелдермен мәнерлейтін, сейтіп жастардың ұлт әдебиетіне деген құштарлығын айнытпай сомдайтын майталман ұстаз. Мейрам Мұхамеджанов, Зоря Ахметовна, Асау Төрекешев, Әмірғали Жамалиев – Алматыдағы атышулы КазПИ-дің түлектері. Жоғарғы оқу орнын жаңа ғана бітірген, ұстаздыққа жандары құмар, дәріс беруге құлшына кіріскен жас ұстаздар. Өздері дәріс берген жастарға, яғни біздерге, адами қасиеттерімен үлгі бола алған ұстаздар ұжымы. Біздер – өміршең шәкірттер. Жақсы оқу үшін жаппай ұмтылыс. Жақсы оқығандарға көрсетілген үлкен құрмет. Тек қана ұстаздар тарапынан емес, оған ата-ана, ағайын-туыс, бүкіл сол еңірдегі ел болып қуанатын. Үздік оқыған оқушылар ұлттық тұлға деп есептелмегенімен, оларды қоршаған орта әрдайым мадақ қылатын, жас түлектер деп есімдерін жиындарда да, жеке әңгімелерде де қошеметпен айтатын. Біз оқыған кезде халықтың білімге деген құрметі, құштарлығы осындай зор болатын. Бұндай құрмет, талпыныс тек қана біз ескен еңірде емес, еліміздің барлық аймақтарында орын алды. Сондықтан да болар Совет Одағына дейін хат танымайтын қазақ халқы тез арада сауаттылыққа жетті. Тек сауатты болып қойған жоқ, ғылымның, білімнің шыңына құлаш ұрды.

Міне, осындай мектепте, осындай ортада Шайсұлтан дәріс алды. Оқуға үлкен ынта, ұқыптылықпен қарады, табиғатынан алғыр, дарынды Шакең бүкіл қазақ орта мектебі мақтанатын үздік шәкірт болып, осы атақтың бес-алты жыл қатарынан иегері болып, ақыры мектепті алтын медальмен бітіріп шықты. Бұрын біз оқыған қазақ орта мектебін алтын медальмен бітірген ешкім болмаған.

Білім мен ғылымға ынтасы ерекше Шакең жоғары білім алуға Мәскеудің мемлекеттік университетіне түсті. Бұл да бір оның емірінің ерекше белесі болды. Атақты М.Ломоносов атындағы МГУ-ге түсіп, ондағы майталман ұстаздардан дәріс алу Совет Одағы кеңістігіндегі әрбір жастың үлкен арманы болатын. Тілті қанша керемет дамыған шет елдердің ұстаздары мен ғалымдары да МГУ-де қалыптасқан мамандар дайындау жүйесін өте жоғары бағалап, бас иетін. Міне, осындай аты бүкіл әлемге әйгілі университетте Шакең дәріс алды, химия маманы болып қалыптасты. Бір-екі жыл Алматыда жұмыс істеп, соңынан Мәскеуде атақты академик Несмеянов басқарған ғылыми-зерттеу институтында аспирантурада оқыды.

Дегенмен Шакең ғылыми ізденістерін әрі қарай нәтижелі жалғастыра алмады. Өйткені оған басқару органдарының шешімімен көл жылдар бойы еліміздегі оқу жүйесін ұйымдастыру, оған басшылық етуге тура келді. Ұзақ уақыт Қазақстан Министрлер Кеңесінде осы оқу-ағарту саласын басқарды, кейіннен 8 жыл қатарынан Оқу министрі болып қызмет істеді. Осы жылдары Шайсұлтанның есімі елге молынан танылды. Оның іскерлігі, ұйымдастыру қабілеті, басқарып отырған саланың күрделі проблемаларын шебер шешө білетіндігіне қалың жұртшылықтың кезі жетіп, есімі құрметпен жиі аталып жүрді.

Жоғарыда айтылған Министрлер Кеңесін жемісті де шебер 14 жыл басқарған Бәйкен Әшімұлы ағамыз екені баршамызға мәлім. Ерен еңбегін, зор парасатын бағалап бүгінгі күні қария-дария, абыз Бәйекеңе еліміздің қай жеріне барса да терін ұсынады, аяулы ақсақалымыз деп зор құрмет керсетеді, Шайсұлтан Шаяхметұлы сол Бәйекеңнің тұсында Министрлер Кеңесінде 10 жыл белім басқарды "Ұзақ жылдар мемлекеттік-әкімшілік қызметте сандаған адамдармен таныс, біліс, қызметтес бола жүріл талай талантты, іскер, қайраткер жандарды кезім көрді. Олардың ішінде жарқырап жастай танылғаны да, елеусіз жүріп еңбегімен еленгені де, егде тартқанда ерен іске құлаш ұрғандары да болды.

Осындай, министрлік қызметкерінен жылдар ете келе мемлекет қайраткеріне өз дарынымен, білімпарасатымен, азаматтық қарымтұлғасымен танылған, қызметтес болған жандар есінде ешпестей әсер қалдырған азамат Шайсұлтан Шаяхметов" - дейді Бәйкен ағамыз езінің естелігінде.

Шакең Қазақстанның білім министрі болған тұста мен Қазақ мемлекеттік басқару академиясының ректоры болып істедім. Министрдің, министрліктің шешімдерін сырттай емес, іштей білемін. Ол бір қиын кезең еді. Қазақстан егемендік алып, дербес саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалар жүргізе бастады. Оқу саласында көптеген езгерістер енпзуге тура келді. Әсіресе, дербес мемлекеттің мектепке арналған ұлттық оқу бағдарламалары, жоғары білім берудің әдістемелері мен мамандықтар тізбеп, жоғарғы оқу орындарын қайта құру мәселелері, Қазақстанда оқу-білім жүйесінің дамуының стратегиялық бағыттары, тағы да басқа күрделі мәселелер, оларды тиімді шешу Оқу министрлігінің, министр Шаяхметовтың алдында тұрды. Ал дұрыс шешу үлкен дайындықты, терең білімді, жоғары интеллекті талап етті. Міне, осындай зор талапқа Шакең толығынан жауап бере алды, бүгін жан-жақты дамып келе жатқан егемен елдің оқу-білім жүйесі сол кезде, Шайсұлтан Шаяхметов осы саланы басқарған кезде қалыптасқан еді.

Кейбір жағдайларды ерекше айтпай кетпей болмайды. Шайсұлтан Шаяхметовтың тұсында бұрынғы үш ведомство – Оқу, Жоғары және орта білім беру, Кәсілтік білім беру ведомстволары қосыла келіп, бір шаңырақтың астына бірікті. Сәйтіп Халыққа білім беру министрлігіне ұлағатты ұстаздан бастап, зерделі шәкірттерге дейін санаған кезде 7 миллиондай адамның, яғни республика халқының тең жарымына жуығының тағдыры қарады. Осындай үлкен қауымның көкейінен шығып, оларға күнбе-күн қызмет керсету Шакең басқарған министрлікке оңай болган жоқ. Әр нәрсенің қадір, қасиеті уақыт өте бағаланады. Бүпнгі күнде Шакеңмен әріптес болған азаматтар, сол кездегі оқу жүйелерінің басшылары, ормандай қалың ұстаздар қауымы министр Шаяхметұлының, жалпы министрліктің егемен еліне, жаңа қалыптасып келе жатқан ұлттық мектепке арнаған әрқилы да, жемісті еңбектерін зор құрметпен айтып отырады.

(Соны газеттің келесі санында).

Жастар заңы қажет-ақ, бірақ ...

Шұға ҚОҢҚАБАЕВА

"Отан" партиясының басшылары Қостанай халқымен жүздесті. Басқосуға оқу орындарынан студенттер, "Отанның" белсенді мүшелері қатысып, көкейіндегі кеп ойды ортаға салды.

"Отан" партиясы терағасының орынбасары Ә.Сатыбалдин бастаған "Отанның" мүшелері Мәжілісте қаралып жатқан заң жобалары мен кейбір мәселелерге тоқталды. Сондай-ақ "Отанның" мүшелерінің басым бөлігі жастар екенін айтты. Жаңадан кірген мүшелеріне партия билеттерін тапсырды.

Партия мүшелеріне сұрақ қарша борады. Оның ішінде Премьер-министрдің бірінші орынбасарлығына жаңадан тағайындалған Г.Марченконың жоғары оқу орындарында сырттай белімдерді жабу керек, сырттай білім алған маман мамандығына сай білім ала алмайды деген лікіріне байланысты "Отан" партиясының ұсынысы қандай екенін сұрағанда, бұл сұрақ төңірегінде көптеген пікір-қайшылықтар туғанын, бірақ әлі де нақтылана түседі деген жауап берілді.

Негізгі мәселе – жастарды көптен бері ойландырып жүрген "Мемлекеттің жастар саясаты туралы" заңы қашан қабылданады, жастарға әлеуметтік жағдай жасау, олардың тұрғын үй мәселесі, қоғамдық келіктерде, жол жүргенде арнайы жеңілдіктер жасау мәселелеріне тоғысты.

"Таран ауданы мәслихатының аппараты" ММ

Таран ауданы мәслихатының нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау құқығын алу үшін конкурс жариялайды. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" ҚР Заңының талаптарына сәйкес және Таран ауданының аумағында таратылатын барлық мерзімді баспасөз басылымдары екілдері конкурсқа қатыса алады. Конкурсқа қатысушылар конкурс өтінімін, банк реквизиттерін, СТН, құрылтай құжаттарының пакетін ұсынады. Конверттер 2004 жылғы 20 наурызда сағат 11.00-де, мына мекенжайда ашылады: Таран селосы, Калинин кешесі, 60, 3-бөлме. Өтінімдерді ұсынудың ақтық мерзімі – 2004 жылғы 20 наурыз, сағ. 10.00. Қосымша ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады: (236) 26200.

ГУ "Аппарат Тарановского районного маслихата"

объявляет конкурс на получение права официального опубликования нормативных правовых актов маслихата Тарановского района. Для участия в конкурсе допускаются представители всех периодических печатных изданий, распространяемых на территории Тарановского района, соответствующих требованиям Закона РК "О средствах массовой информации". Участник конкурса должен предоставить конкурсную заявку, банковские реквизиты, РНН, пакет учредительных документов. Вскрытие конвертов состоится в 11.00 ч. 20 марта 2004 года по адресу, с.Тарановское, ул.Калинина, 60, каб. 3. Окончательный срок предоставления заявок 10.00 ч. 20 марта 2004 года. За дополнительной информацией обращаться по тел: (236) 26200.

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Қостанай облысының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті" ММ автомашиналарды мемлекеттік сатып алу жөнінен 2004 жылгы 16 ақпанда Қостанай қ., Әл-Фараби д-лы,113, мекенжайында өткен ашық конкурстың өтпеді деп танылғанын хабарлайды.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ "Департамент государственного санитарно-эпидемиологического надзора Костанайской области" объявляет, что открытый конкурс по государственным закупкам автомашин, проведенный 16 февраля 2004 г. в г. Костанае, пр.Аль-Фараби, 113 признан несостоявшимся.

"Қаржылық берешектермен жұмыс жөніндегі Орталық" ЖАҚ Қостанай облысы бойынша филиалы салық қарызы есебіне салық телеушінің шектеулі иелігіндегі мүлікті сату жөнінде аукцион өтетіні туралы "Қостанай таңы" газетінің 13 ақпандағы санында жарияланған хабарландыруда қате жіберді.

"Аукционның өткізілетін күні мен уақыты: 2004 жылғы 2, 4, 9 наурыз" деп оқылсын.

Филиал ЗАО "Центр по работе с финансовыми задолженностями" по Костанайской области в объявлении об аукционе по продаже ограниченного в распоряжении имущества налогоплательщика в счет налоговой задолженности, опубликованном в газете "Костанай таны" от 13 февраля ДОПУСТИЛО ОШИБКУ.

Следует читать: Дата и время проведения аукциона: 2, 4, 9 марта 2004 года.

"Қаржылық берешектермен жұмыс жөніндегі Орталық" ЖАҚ Қостанай облысы бойынша филиалы салық қарызы есебіне салық төлеушінің шектеулі иелігіндегі мүлікті сату жөнінде аукцион өтетіні туралы "Қостанай таңы" газетінің 18 ақпандағы санында жарияланған хабарландыруда қате жіберді.

"Аукционның өткізілетін күні мен уақыты: 2004 жылғы 4,9,11 наурыз" деп оқылсын.

Филиал ЗАО "Центр по работе с финансовыми задолженностями" по Костанайской области в объявлении об аукционе по продаже ограниченного в распоряжении имущества налогоплательщика в счет налоговой задолженности, опубликованном в газете "Костанай таны" от 18 февраля ДОПУСТИЛО ОШИБКУ

Следует читать: Дата и время проведения аукциона: 4,9,11 марта 2004 года.